

7. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МҮЛКІ

7.1. Серіктестіктің мүлкі құрылтайшы салымынан, Серіктестік алған кірістер және заңмен тиым салынбаған көздерден кірістер есебінен құрылады. Серіктестіктің жарғылық литалынын салымы ақшалар, құнды қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жер пайдалану құқығы және өзге де мүліктер бола алады.

7.2. Серіктестіктің жарғылық капиталы 120 000 (жүз жиырма мың) теңгені құрайды. Тіркеу кезінде жарғылық капитал толық құрылған.

7.3. Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту заңдармен асырылады және оны толық төлеген кезде ұлғайтылады.

7.4. Серіктестіктің жарғылық капиталын азайту қатысушылардың салымдарын азайту жолдармен жүзеге асырылады. Серіктестік жарғы капиталын азайту туралы қатысушысының шешімі қабылданған күнінен бастап екі ай мерзімде кредиторларға жазбаша хабарлама жібереуі не серіктестіктер туралы мәліметтер жарияланатын ресіми баспаға хабарландыру жариалауға міндетті.

8. СЕРІКТЕСТІКТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНЫ

8.1. Серіктестікті басқарудың жоғарғы органы құрылтайшы болып табылады. Серіктестік қатысушысының айрықша құзыреті:

- Серіктестік Жарғысын өзгерту, соның ішінде жарғы капиталының көлемінің өзгеруі қоса алғандағы, тұрған жерін және фирмалық атауын өзгерту немесе серіктестік жарғысын жана редакцияда бекіту;

- Серіктестіктің атқарушы органдарын құру және оның өкілетін тоқтату, сондай-ақ серіктестікті немесе мүлікті оралымды басқаруға беру;

- Бақылау кеңесі мен тексеру комиссиясын (тексерушіні) сайлау және олардың өкілеттілігін ерте тоқтату, сондай-ақ серіктестіктің тексеру комиссиясының есептерін және қортындыларын бекіту;

- Серіктестіктің жылдық қаржылық есептерін бекіту және таза кірістерді бөлу;

- Серіктестіктің ішкі қызметтерін реттейтін ережелер мен құжаттарды бекіту;

- Серіктестіктің басқа да шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдау;

- Серіктестікті тарату және қайта құру туралы шешім;

- Тарату комиссиясын тағайындау және тарату балансын бекіту;

- Барлық мүлікті кепілдікке беру туралы шешім;

- Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес серіктестіктің мүлкіне қосымша жарнамалар салу туралы шешім.

8.2. Серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылық жасаушы, серіктестіктің атқарушы орган болып директор табылады. Серіктестіктің директоры:

- Сенімхатсыз серіктестік атынан әрекет етеді;

- Серіктестіктің өкілі болуға құқық беретін сенімхат береді.

- Қызметкерлерге қатысты оларды қызметке тағайындауға және босатуға бұйрық шығарады. еңбек төлемдерінің жүйесін, қосымша ақы белгілейді, сыйақы беру мәселесін шешеді. тәртіптік шаралар қолданады;

- Қатысушы немесе байқау органдарының құзыретіне жатпайтын өзге де өкілдіктерді жүзеге асырады.

8.3. Тексеру өткізу үшін кәсіпқой аудитор шақыртылуы мүмкін.

9. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ТАЗА КІРІСІН БӨЛУ

9.1 Серіктестіктің қызмет нәтижесінде алынған таза кірісті бөлу сәйкесті жылға. Серіктестік қызметінің нәтижелерін бекітуге арналған қатысушының шешіміне сәйкес жүргізіледі.